ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

«13» қараша 2017 ж./г. № 274-ек

Қызылорда қаласы город Кызылорда

«Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту, конкурстық комиссияның хатшысын және өкілдік ететін лауазымды адамды айқындау туралы» 26.10.2017 жылы №237-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 65-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 59,61-тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Басқарманың «Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту, конкурстық комиссияның хатшысы мен өкілдік ететін лауазымды адамды айқындау туралы» 26.10.2017 жылғы №237-НҚ бұйрығындағы «Қызылорда облысы Байқоңыр қаласындағы 50 пәтерлі №5 тұрғын үйдің құрылысы» жұмысы бойынша конкурстық комиссиясының құрамына төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

- Комиссия төрағасы – «Қармақшы ауданының әкімі **Макашов Султан Искакович**» деген сөздер «Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы **Кузембаев Нурбек Кенжебекович**» деген сөздерге;

- Комиссия мүшесі – «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бөлімінің бас маманы **Бисенбаев Бақыт Төлепбергенұлы**» деген сөздер «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бөлімінің бас маманы **Әбілқасымов Данияр Ерланұлы**» деген сөздерге;

Комиссия мүшесі – «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бөлімінің бас маманы **Қуантаев Нұрғиса Әбдірәсілұлы**» деген сөздер «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бөлімінің бас маманы **Ермаханов Қанат Ақылбекұлы**» деген сөздерге ауыстырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау басқарма басшысының орынбасары Т.Исмағұловқа тапсырылсын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негізі: Қармақшы аудан әкімінің 13.11.2017 жылғы №264-Ө өкімі, Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының 30.10.2017 жылғы №77-Д және 06.11.2017 жылы №80-Д бұйрықтары.

Басқарма басшысы **Ж. Ерсейтова**

000160